

## Ноғайбай ауылдық округінің Сарыбастау ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Ноғайбай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 қаңтардағы № 1 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 ақпанда № 3302 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ноғайбай ауылдық округі Сарыбастау ауылындағы Подгорная көшесінің атауы Белес көшесі болып өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ноғайбай ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы F.Рахимбаеваға жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшине енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннің кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

E. Джапарбеков